6D020100 – Философия мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындалған Қабул Оралбай Құрманбайұлының «Сабақтастық – философиялық ұғым (құндылықтар трансформациясы)» атты тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми

СЫН -ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі, жалпы ғылыми негіздерімен, сонымен қатар мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

Зерттеу жұмысында қоғамның дамуына ықпал етуші, ондағы қоғамның мәдени дамудың алғышарты негізі ретінде қарастырылып отырған мәдени-философиялық тетік, «сабақтастық» ұғымы зерттелген. Өз кезегінде бұл ұғым бүгінгі таңдағы жаңа басымдықтардың, қоғамдардағы сабақтастықтардың мәртебесін, рөлін анықтау қажеттілігінен туындап отырғаны мәлімденген. Мәселен, жұмыста аталып көрсетілгендей заманауи Қазақстанның озық мәдениетті мемлекетке айналуы құндылықтар трансформациясын және сабақтастық құбылысының теориялық негіздерін ұғынуды, тәжірибелік тұрғыдан сараптауды да қажет етеді.

Диссертациялық зерттеу жұмысында еліміздің мемлекеттік бағдарламалары да аталып өткен. Пәнаралық байланыс негізінде жүргізілген зерттеулері жалпы ғылыми сұраныстарға жауап береді.

Ізденуші О. Қ. Қабул зерттеп отырған тақырыптың өзектілігін келесідей тұжырымдамаға негіздеген: «Сабақтастықтың» мәнін, формаларын, ерекшеліктерін және ұрпақаралық сабақтастықтың сырларын зерттеуге деген қажеттілік ең алдымен, дүниетанымдық себептермен негізделеді. Өтпелі, дағдарысты кезеңдерде тарих пен болашағымыздың сабақтастық мәселесі алдыңғы қатарға қойылып, мәдениетіміздің ішкі тетіктері айқындалып, рухани әлеуетімізді практикалық әрекетке бастау беретін күшке айналдырылуы үлкен мәнге ие.

Қоғамның мәдени және әлеуметтік өміріне тұрақтылық беріп, ұрпақ сайын ұлтты рухани-адамгершілік тұрғыдан жаңғыртып отыратын әлеуметтік тетіктерін және құрамдас бөліктерін талдау әрине, маңызды. Себебі, қазіргі қоғамға тән әлеуметтік дамудың қарқыны, мәдениетаралық байланыстардың нығаюы, халықаралық, саяси, экономикалық және коммуникациялық жүйелердің дамуымен қатар ұлттық-мәдени мәселесі алдыңғы қатардағы мәселелердің бірі.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі бірнеше мәселелермен айқындалған: **біріншіден,** әлеуметтік және мәдени құбылыстарға мән беріп, әрбір байланыстың қайнарын айқындау, әлеуметтік, мәдени сабақтастықтың өзегін құрайтын жаңа шығармашылық әлеуеттерді іздестіру арқылы дағдарыстан шығудың дұрыс жолын табу – қоғамдық және ғылыми-танымдық міндет пен философиялық жаңашылдықты сабақтастықпен мінсіз, қатар қолдану талабының қойылуы. **Екіншіден,** әлемдік жаһандану үдерісі заманында мәдени, саяси, экономикалық, әлеуметтік интеграциялық құбылмалы өзгерістер аясында тұлғаның, ұлттың, жалпы адамзаттың өзіндік дүниетанымдық

көзқарастары мен жалпы өмірлік бағдарларын айқындау міндетінің болуы. **Үшіншіден,** жаһандану дәуірінде ұлт және ұлтжандылық мәселесінің маңызы әлемдік кеңістік аясында арта түскендігі және ұлттық, азаматтық сана, қоғамдық санадағы ұлттық рухтың қуаты, идентификация мәселесі, жаһандану заманындағы мәдени, саяси, экономикалық, әлеуметтік интеграциялық құбылмалы өзгерістер аясындағы тұлғаның, ұлттың, жалпы адамзаттың бағдарларын айқындау міндеті. **Төртіншіден,** құндылықтар трансформациясындағы сабақтастық мәселесіне арналған ғылыми, теориялық зерттеулер саны жеткілікті. Алайда, Қазақстандағы құндылықтар трансформациясындағы сабақтастық құбылысын талдау, қоғамды жаңа мәдени жағдайға келтіретін әлеуметтік тетіктерді айқындау, жаһандық мәдениетке қол жеткізудің теориясы мен практикасы арасындағы қайшылықтарды жеңудің жолдарын көрсету қажеттілігі әлі де бар. Сондықтан, зерттеудің өзектілігі осындай негіздерді толықтыру мақсатынан туындалды деп қойылған.

Диссертацияның әрбір бөлімі, әрбір тарауында қорытынды жасалынған, соңында жалпы қорытынды міндетіне сәйкес тұжырымдалған. Пайдаланған әдебиеттері жеткілікті, қосымшаға сілтемелер жасалған.

Дессертант О. Қ. Қабулдың ғылыми зерттеуі еліміздің рухани дамуына үлес қосатын туынды, зерттеу жұмыстың ғылыми құндылығы жоғары деп бағалаймын.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері:

1 - нәтиже. Сабақтастық ұғымы және оның Адам-Дүние болмысындағы орнын анықтап, жүйелі зерттеген;

2 - нәтиже. Сабақтастықты зерттеудің теориялық және әдіснамалық қырларына талдаулар жасалып, талқыланған;

3 - нәтиже. Сабақтастық – мәдени дамудың алғышарты және заңдылығы ретінде танылып, жан-жақты зерттелген;

4 - нәтиже. Мәдени даму динамикасы және қазіргі әлемдегі құндылықтар өзгерісінің әлеуметтік-философиялық негіздемесіне теориялық тұрғыдан ғылыми зерттеу жасалып, практикалық жағы сапалы зерттелген;

5 - нәтиже. Әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларды талдай отырып, оларды құндылықтар трансформациясының алғышарты ретінде көрсете білген;

6 - нәтиже. Рухани-адамгершіліктік сабақтастықтың мәдени-әлеуметтік тетіктері айқындап, ғылыми зерттеулер жүргізе білген;

7 - нәтиже. Қазақстандағы рухани-адамгершіліктік сабақтастық үдерісінің негізгі мәселелерін атап, оларды дамыту және шешу жолдарын көрсете білген;

8 - нәтиже. Қазақтың дәстүрлі этикалық құндылықтарындағы трансформацияның ерекшеліктерін нақтылаған;

9 - нәтиже. Құндылықтық сабақтастықты белсендендіру – заманауи Қазақстандағы патриоттық тәрбиенің кепілі екенін дәлелдеп, маңызды тетіктерді атап көрсеткен.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық

дәрежесі.

Ізденушінің диссертацияда мазмұндалған тұжырымдары мен қорытындыларының ғылыми-әдістемелік негізділігі айқын, шынайылық деңгейі жоғары деп есептеуге болады.

1. Белгілі бір жүйелеуші нормаларға деген қажеттілік – адам жаратылысының философиялық және антропологиялық заңдылығы. Сабақтастық – өз шығу тегін сақтау және әрекет аясын кеңейту сияқты адам табиғатының тереңдегі болмыстық негіздеріне сүйенетін көпқырлы мәдени-әлеуметтік құбылыс. Және, сол халықтың тарихи тіршілігінің мерзімін анықтайтын негізгі механизм.

2. Мәдени-әлеуметтік сабақтастық – аккумуляцияның жоғарғы түрі. Рухани-адамгершіліктік сабақтастық «дәстүр» арқылы іске асады. Дәстүр – адам болмысының ең бастапқы, ең маңызды координаттаушы жүйесі. Дәстүр арқылы адамдар арасындағы кеңістіктік-уақыттық тарихи алшақтық жойылып, позитивті рухани-адамгершіліктік қағидалар ортақтығы қамтамасыз етіліп, құндылықтарды табыстау және тұрақтандыру іске асады.

3. Урбанизацияланған әлеуметтік ортада, соңғы жылдары, дәстүрлердің жойылуы немесе символдық-рәсімдік деңгейдегі сабақтастықтың орындалуы байқалады (мысалы, Наурыз мерекесі). Бұл саладағы оқыту, түсіндіру, насихат күшейтіле түсуге тиіс деп ойлаймыз.

4. Заманауи Қазақстанның рухани өмірінде сапалы өзгерістер орын алуда. Нарықтық тетіктердің белсенді әрекет етуіне байланысты дәстүрлі құндылықтар саласында төңкеріс болуда. Сондықтан, әлеуметтік топтардың бір-бірінен алшақтауы, ұрпақаралық интеграциялық қағидалардың жоғалуы қаупінің алдын-алу шаралары іске асырылуы тиіс.

5. Ұлттың тарихи жадының күйін сабақтастық векторы анықтайды. Халықтың ортақ тарихи тағдырын бейнелейтін рухани мәдениет қана интеграция факторы және рухани-адамгершіліктік тәжірибенің қайнары бола алады. Қазақстан тарихындағы ондай өзекті қазақ мәдениеті құрайды. Ендеше, ұлттық тіліміз бен ділімізді, дәстүрлі мәдениетімізді қорғауға бағытталған арнайы шаралар – мемлекетіміздің тұтастығы мен тәуелсіздігін күшейту мүддесін көздей отырып орындалуы тиіс.

6. Жаһандану жағдайындағы тұтынушы қоғамдарға және заманауи Қазақстанға көп мәдениетті әлеуметтік кеңістіктегі қарым-қатынас пен ынтымақтастыққа бағдар беретін жаңа құндылықтық парадигма қажет. Ол парадигмада дәстүрлі мәдениетіміздің және ҚР тұрғындарының прогрессивті құндылықтары бейнеленіп, оларды насихаттауға бағытталған арнайы шаралар асқан шеберлікпен, кәсіпқойлықпен бейнеленуі тиіс деп ойлаймыз.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

- «Сабақтастық» ұғымының философиялық ұғым ретіндегі мәнінің анықталуы;
- Қолданыстағы көзқарастарды талдау негізінде осы «сабақтастық» ұғымының мазмұнын анықтайтын авторлық түсіндірменің ұсынылуы;

- Сабақтастықтың жоғарғы түрі – мәдени-әлеуметтік сабақтастық деп нақтылануы;

- «Сабақтастық» және «дәстүр» ұғымдарына салыстырмалы талдау жасалынып, «сабақтастықтың» «дәстүр жалғастылығындағы» функционалды рөлінің көрсетілуі;

- Мәдени-әлеуметтік сабақтастықтың өзегін құндылықтар трансформациясы құрайтыны тұжырымдалып, құндылықтар трансформациясының жан-жақты зерттелуі;

- Сабақтастық векторы тарихи жадының күйін анықтайтыны тұжырымдалды;

- Бүгінгі Қазақстанда іске асып жатқан құндылықтар трансформациясының мәдени дамуы мен қалыптасуының ұлт болмысына әсер-ықпалы, даму сипаты және өзекті қырлары ашып көрсетілді.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

О. Қ Қабулдың диссертациялық жұмысы ғылыми негіздерді толықтай қамтуда, құрылымдық мазмұны тиісті талаптарға сай құрылған. Диссертацияның кіріспесінде тақырыптың өзектілігі, мақсаты мен міндеттері және методологиялық негізі айқын. Еңбектің ғылыми жаңалығы мен қорғауға ұсынылатын тұжырымдарының нақты дәйектілігіне көз жеткізеді. Тараулар мен бөлімдердің мазмұны арқылы алға қойған міндеттеріне қол жеткізген.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қортындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Диссертациялық зерттеудің мазмұны және негізгі тұжырымдары 9 ғылыми мақалада көрініс тапқан. Атап айтқанда, 3 мақала ҚР БҒМ БҒСКБ журналдарында, 4 мақала Отандық және шетелдік халықаралық ғылыми конференция жинақтарында және 2 мақала Scopus базасында тіркелген журналда сынақтан өтті. Оларда диссертациялық жұмыстың теориялық принциптері мен нәтижелері сипатталды.

7. Диссертацияның мазмұны мен рәсімделуі бойынша кемшіліктер.

О.Қ. Қабулдың диссертациялық зерттеу жұмысы жоғары теориялық және әдістемелік деңгейде жазылған. Соған қарамастан ұсынылған зерттеу жұмысында келесі кемшіліктер орын алған:

Біріншіден, ғылыми жұмыста аударма әсерінен ұзақ күрделі құрмалас сөйлемдер кездеседі. Олар айтылған ойды толық түсінуде бірқатар кедергілер тудырады.

Екіншіден, шетелдік әдебиеттердің шектеулі түрде қолданылуы.

Үшіншіден, кемшіліктен туындайтын әлемдік тәжірибе мәселесі. Қазіргі таңдағы Қазақстанның дамуындағы дәстүрлі мәдениетімізге сырттан келетін ықпал қарастырылмаған.

Дегенмен, көрсетілген кемшіліктер мен ұсыныстар О.Қ. Қабулдың диссертациясының құндылығын түсірмейді.

8. Диссертация мазмұнының ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Диссертант зерттеудің мәнін, мақсатын және міндеттерін жаңа тұжырымдамаларымен толықтырған. Зерттеу жұмысы әмбебаптық философиялық әдістер негізінде жүргізілген. Диссертация материалдарын мәдени-идеологиялық және дүниетанымдық сипаттағы тұжырымдамаларды әзірлеуде, Қазақстаның мәдени, әлеуметтік-саяси дамытудың стратегиясын дайындау барысында да пайдалануға болады. Диссертациялық зерттеу барысында ауқымды мәліметтер мен дерек көздер қолданылған, терең теориялық талдау жасалған. Диссертант Қабул Оралбай Құрманбайұлының зерттеу жұмысының құрылымы диссертациялық жұмыстарды рәсімдеу талаптары мен ережелеріне сай келеді. 6D020100 – «Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін Қабул Оралбай Құрманбайұлының «Сабақтастық – философиялық ұғым (құндылықтар трансформациясы)» тақырыбына дайындаған диссертациясы философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми сын-пікір беруші:
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Саясаттану жане саяси технологиялар кафедрасы
Философия ғылымдарының докторы, профессор Г.Қ. Әбдіғалиева

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы Қаз[illegible] Ғылыми ка[illegible]
даярлау және аттестаттау басқармасын[illegible]
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и а[illegible]
научных кадров КазНУ им. аль-Фа[illegible]
Р.Е. Кудайбергенова
«_____» _____ 20____ ж.